| **Балаларды қабылдау** | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | «Достық әлемі» ақциясы аясында мейірімділік тақырыбына әңгімелерді, ертегілерді оқу. Үздігін оқуға ұсыну. | Достық сезімін нығайтуға арналған ойындарды ойнату. «Достар жұптары» фотогалереясы. | «Дос болайық» ата-анамен бірге ойын-сауықтар. | Асфальтта сүйікті ойыншықты салу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес** | | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына | «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік | "Қимылдарды қайталаймыз" ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе | Ұлттық сезім күні<br>"Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалары)** | | жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Құрастырғышпен ойын. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру. | екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады.<br><br>"Суретті құрастыр" жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен | Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, аяңдайды, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді.<br><br>«Күн және түн» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы.<br>(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. | "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді. | таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру.<br>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. | дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Уақытты бағдарлауды үйрету.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Туған өлкенің кейбір жануарлары туралы түсініктерді тиянақтау.–<br>Түнгі аспанды не жарық қылып тұрады? (Ай.)<br>– Ал, күндіз не жарық қылып тұрады? (Күн.)<br>Адамдардың, балалардың, жан-жануардың күндіз және түнде немен айналысатынын анықтау. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. | Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. | Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" | Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). | деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет | 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қайталанады). | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Жуынып болсаң,<br>Су кранын жапсаң,<br>Орамалмен сүртініп,<br>Оның орнын тапсаң,<br>Қуанып қаларсың,<br>Яғни, тәртіпті баласың. (Д.Ахметова)<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Шыңырау" - Бәзғалам (орындаған Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Тақырыбы: "Неге өзгелерге көмектесу керек?". Мақсаты: балаларды өзгелерге көмекке келуге тәрбиелеу; ойын жағдайларында мұқтаждарға көмекке келу керектігін көрсету; балалардың отбасыда, көшеде, балабақшада, ертегі кейіпкерлерінің өзгеге көмекке келуін талқылау. | | | | |
| | | Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен | «Әдептілік» жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы, оларды орынды қолдануды үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.<br>Ойын шарты.<br>Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Балалар сол | «Құпия заттар» ойыны.<br>(қоршағане әлеммен таынстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен тіл табысуды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: бірнеше қобдиша, түйме, моншақ, сағат.<br>Ойын шарты.<br>Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі | "Ағаш па әлде гүл ме?" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді бекіту. Ағаштардың, дала гүлдерінің түрін тану және атауға . Суреттерді қарастыруда балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болса күніміз.<br>Жарқын шығар үніміз.<br>Елін сүйіп ержетер<br>Біз болашақ гүліміз! | суреттегі іс-әрекетті атап, оның «жақсы» немесе «жаман» екенін ажыратып айтады. | қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады. Оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін, барлық ойыншылар бөлмені аралап жүреді, олар қобдишадағы заттарға қызығушылық танытып, бір-бірінің құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен жақсы тіл табысуына көмектеседі. | алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | Дене тәрбиесі<br>"Гүлдей жайнап бәріміз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. | Музыка<br>"Дауылпаз дабылы".<br>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, сөздерді анық | Дене тәрбиесі<br>"Көркі ғажап көктем".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. | Қазақ тілі<br>«Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде.<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | айту, әннің сипатын жеткізу. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту (аяқты өкшемен және ұшына қоюға); музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес ырғақты қимылдар орындау. Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту. Музыкалық аспаптарында ойнауды жетілдіру. Өз Отанына деген мақтаныш сезімін ояту. | Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу. |
| | | Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Кемпірқосақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Бау-бақшаны гүлдендірейік".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге жаттықтыру; заттар топтамасының біреуіне бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара теңестіру, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін | Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. | Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Дала гүлдері".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуда жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді атап айтуға үйрету; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. | Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | | «Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір | Бақбақты бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері | Гүлденген өсімдіктерді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. | «Өнегелі тәрбие». Бағбанның еңбегін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Ағаштардың 2-3 түрін (аққайыңды) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>"Айналайын, аққайың" (Д. Ахметова)<br>Айналайын, аққайың,<br>Еңкейесің жел соққан сайын,<br>Аппақсың,<br>Нәзіксің,<br>Жіңішкесің,<br>Биіксің.<br>Аянбайсың,<br>Қуаныш сыйлайсың<br>Саған қолын созған адамға,<br>Құс пен аңға.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мүмкіндіктеріне қарай | туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру.<br>Кейбір гүлдердің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін (сабағы, гүл басы, жапырағы) тану. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.<br>Абдрахман Асылбек<br>"Бақбақ"<br>Көктем келген шақта,<br>Қыр басында қаптап,<br>Секілді аппақ мақта<br>Жайқалады бақбақ.<br>Бақбақтарды үрлеп,<br>Ұшырамыз желге.<br>Парашюттей гулеп,<br>Қонып жатыр жерге.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлеске шеттерін, орындықтар үстін құмнан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мүмкіндіктеріне қарай | Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық). Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Кейбір ағаштарды, жеміс ағаштарын 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, гүлдерін) тану. Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ой-қиялын ояту, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Қадыр Мырза Әли<br>"Алма ағашы"<br>Ағаш емес, біліңдер,<br>Асыл ана бұл тұрған.<br>Толған сайын түйіндер<br>Алма ағашы құлпырған.<br>Әр түйіні, қарашы,<br>Оған перзент-баладай.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп | Мақсаты-міндеттер.<br>Таныс мамандық иелеріне (бағбанға) құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуға үйрету. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Мүмкіндіктеріне қарай бағбанға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Белсенді сөздік қорға "бағбан" сөзін ендіру. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру.<br>Бейсебай Кірісбаев<br>"Бағбан"<br>Елден алғыс алған мың,<br>Мен бағбанмын, бағбанмын.<br>Дәмін көрші жүзімнің,<br>Дәмін көрші алмамның.<br><br>Бақ қызығы керек пе,<br>Кел, балақай, көмекке?!<br>Толтыра бер себетке,<br>Толтыра бер шелекке.<br><br>Адамға тән шыдам-күш,<br>Балаға тән ұнамды іс.<br>Бағбан бала атансаң, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қасқұлақ» қазақ халқының ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ойын белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br><br>"Дәл тигіз" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі) | тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Әткеншек" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Балаларды шеңбер бойымен жүре білу, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін жетілдіру.<br>Қаипсіздікті қадағалау.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен.<br><br>"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Тұрған орнынан (сигнал бойынша) жоғары секіру дағдысын дамыту. Қимылдарын үлестіруге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br><br>Ойыншықтармен өз бетімен | қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу.<br>Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты тура бағытта домалат" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Допты 1,5–2 метр қашықтықтан заттардың арасымен домалатуды үйрету.<br>Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Ойыншықтармен өз бетімен ойындар. Велосипед тебу жаттығулары. | Айтам саған мың алғыс.<br>Қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету.<br><br>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жұмыс).<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Ақ сандық, көк сандық» қазақ халқының ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, кеңістікті бағдарлауға үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсат-міндеттер. Балалардың оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) дағдыларын жетілдіру. Нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.<br><br>Ойыншықтармен өз бетімен ойындар. Велосипед тебу жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. | ойындар. Велосипед тебу жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. | Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br><br>Ойыншықтармен өз бетімен ойындар. Мақсат-міндеттер. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>"Дана ботқаны жемейді".<br>Дана ботқаны жемейді,<br>«Тауыса алмаймын», - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Анаңның мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>"Қоян" тақпақ.<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Балалар аяқ киімдерін киіп, жуынатын бөлмеге педагогпен бірге барады.<br><br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетің жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың.<br>Педагог тақпақты мәнерлеп оқу керек.<br>Шынықтыру шаралары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>"Денсаулық жолдарымен" жалаңаяқ жүру. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | «Бар – жоқ» дамытушы жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қыс мезгіліне тән құбылыстарды ажыратуды үйрету, Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін пысықтау.<br>Құрал-жабдықтар: шырша, жаңбыр, Аяз ата, сары жапырақ, шөп арасында өскен саңырауқұлақ, жауған қар, жаңа жылға арналған сыйлықтар, шырша ойыншықтары.<br>Ойын шарты.<br>Балалар көрсетілген суретке қарап, қыста, жаңа жылда болатын құбылыстарға «Бар» деп жауап береді, қатысы жоқ сурет болса «Жоқ» деп таниды.<br>Ойын барысы.<br>Ойын үшін заттық карточкалар қолданылады: шырша, жаңбыр, Аяз ата, сары жапырақ, шөп арасында өскен саңырауқұлақ, жауған қар, жаңа жылға арналған | Жапсыру техникасын жетілдіру жаттығулары<br>(жапсыру, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы қазақ ұлттық бұйымдардың бірін (киіз, кілем, көрпе, алаша орамал) жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br><br>«Дана қуыршақ балабақшаға барады» сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | «Қарама-қарсы мағыналы сөз айт» дамытушы ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға қарама-қарсы мағыналы сөздерді айтуды үйрету.<br>Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттерін, орнын сипаттайтын сөздер мен оларға қарама-қарсы мәндес сөздер арқылы жетілдіру.<br>Құрал-жабдықтар: қар ұлпасы мен от, алыста және жақын жерде тұрған екі шырша, ақ мысық пен қара мысық, үлкен және кішкентай екі доп, ұзын және қысқа екі бөкебай, аспанда көшкен бұлттар мен жерде өскен гүлдер, ояу және ұйықтап жатқан екі аю, жай жатқан мысық пен тышқан аулаған мысықтың суреттері. | "Суретті құрастыр" жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>«Ойыншықтар дүкені» сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қуанышты көңіл-күйін қалыптастыру, мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыйлықтар, шырша ойыншықтары.<br><br>"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тілдамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың сөйлеуін белсендіру, қуыршақтың үсті-басына назар аударуды, оған қамқорлық жасауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: Дана қуыршақ, қуыршақтың киімдері, ойыншық жиһаздар (төсек, шкаф, орындық, ілгіштер, сабын, тіс щеткасы, тіс пастасы, тарақ).<br>Ойын шарты.<br>Тәрбиеші балаларға Дана қуыршақтың әлі ұйықтап жатқанын және оған балабақшаға бару керектігін айтады. Балалардан не істеу керектігін сұрайды. Балалар қуыршақты оятады. Балалар қуыршақты төсектен тұрғызады, беті-қолын жуады, тісін тазалайды, шашын тарайды. Қуыршақтың балабақшаға киетін киімін таңдап, оның үстіне ретімен кигізеді. Тәрбиеші ойын барысын мұқият қадағалап, қателіктерді түзетіп отырады. | "Ойыншықты алып кел" дамытушы ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Аталған ойыншықты кеңістікте тауып, алып келу тапсырмасын орындауға жаттықтыру. Ересектердің сөзін тыңдауды және түсінуді үйрету. Белсенді сөздік қорды ойыншықтарды атау арқылы байыту. Кеңістікті бағдарлауға баулу. Зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар. Ойыншықтар. | бұрышындағы дүкен.<br>Ойын барысы.<br>Тәрбиеші ойыншықтар дүкеніндегі сатушы, ал балалар сатып алушылар болады. Тәрбиеші балаларға әртүрлі ойыншықтарды мақтайды және олардың қалай жұмыс істейтінін түсіндіреді. Содан кейін басқа балалар сатушы болып ойнайды. Тәрбиеші ойынды бақылайды және ойын әрекетін басқарады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Саусақ жаттығуы. М. Қуанышбеков «Санамақ».<br>(тіл дамыту және көркем | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем | "Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.<br>(тіл дамыту және көркем | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Саусақ жаттығуын жасату, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Екі көз бен қос құлақ<br>Бір бас пен бір мұрын<br>Нешеу болды қос шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің ...<br>Нешеу болды қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды<br>Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ-балапанын. | әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.<br>"Гүл" (Тілеуғазы Бейсембеков)<br>Өзім еккен былтырғы<br>Ауламызда гүл тұрды.<br>Мен күн сайын суардым,<br>Ол күн сайын құлпырды.<br><br>Қайтқанда да ойыннан,<br>Гүл кетпеді ойымнан.<br>Тез өсті де бойы оның,<br>Асып кетті бойымнан. | әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Қуыр-қуыр қуырмаш,<br>Балаларға бидай шаш.<br>Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>Сен тұр – қошақанға бар!<br>Сен тұр – құлыншаққа бар!<br>Сен тұр – лаққа бар!<br>Сен тұр – бұзауқанға бар!<br>Сен тұр – ботаңа бар!<br>Ал сен алаңдамай,<br>Қазан түбін жалап, үйде жат! | әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету.<br>"Көбелек"<br>Бала тілін дамыту.<br>"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)<br>Сен де қудың көбелек,<br>Мен де қудым көбелек,<br>Жүйрік екен керемет,<br>Ұстатпады, не керек?! |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | | |
| **Серуен** | | «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін, жапырақтарын) тану.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Терек, терек,<br>Саған жылу керек.<br>Күн жылуы бетіңе түссе,<br>Жылтырайсың,<br>Күн көзінде жарқылдайсың.<br><br>Терек, терек,<br>Саған су керек.<br>Су тамырыңа жетсе,<br>Ұзарасың,<br>Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова) | Ағаштарды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын, жапырақтардың өсуін байқату. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.<br>Созады көп бұтақтарын,<br>Желге желпілдеп, шайқалып.<br><br>Көктем келсе, көркейеді дала мен шаһар,<br>Күн нұры төгіледі, ериді қар. | Шыршаны бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (шыршаны) тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br>Шыршаның көктемде де жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару.<br>Жұмбақ | «Қауіпсіздік». Автобусты бақылау.<br>(қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Көлік құралдарының түрі, жүк көлігі (сыртқа ерекшеліктері) жайында түсініктерді тиянақтау. Көліктің (автобустың) адамды тасымалдау үшін керектігін білуге ынталандыру. Таныс мамандық иелеріне (жүргізушіге) құрметпен қарауға баулу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерін бекіту. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Берілген сұрақтарды тыңдау және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлескедегі құмның бетін өсімдік қоқыстарынан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер. Тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету. Құмды шашпау, ауызға салмау қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br><br>"Допты жерге соқ" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Допты төмен - жерге соғуды, қағып алуды үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше | Ағаш-бұта жайнайды, бүршік атып,<br>Самал желмен ойнайды, бал татып. (Д. Ахметова)<br>Ағаштың 2-3 түрін діңдеріне қарап ажырату, атау (мысалы, терек, қарағаш, қайың).<br><br>"Допты тура бағытта домалат" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Допты 1,5–2 метр қашықтықтан заттардың арасымен домалатуды үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) | Тікен, тікен тік пісте.<br>Қысы жазы бір түсте.<br>(Шырша)<br><br>"Жапалақтар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу. Балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.<br><br>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған | толық жауап беруге үйрету. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.<br>Автобус –<br>Көлік түрі не деген!<br>Іші – салон,<br>Зауілім үйдей<br>Жарық, кең.<br>Терезесі –<br>Көшелердің айнасы,<br>Ауысатын суреттердің<br>Көрмесі.<br>Қайда барам десеңдер,<br>Тек мініңдер,<br>Аялап-ақ апарады<br>Кемеңгер. (Д. Ахметова)<br><br>"Ұстап ал" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету. Жүгіруді, кеңістікті бағдарлай білуді жетілдіру. Ептілікті, батылдықты дамыту.<br>ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
